

Кербұлақ ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы мамандарға, жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 61-358 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 29 қыркүйекте № 5681 болып тіркелді.

**Ескерту.** Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда – Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 27.09.2021 № 12-60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139- бабы 9-тармағына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

**Ескерту.** Шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда – Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 27.09.2021 № 12-60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Кербұлақ аданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 27.09.2021 № 12-60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Кербұлақ аудандық мәслихатының "Кербұлақ ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 52-296 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5356 тіркелген, 2019 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Аудан экономикасы мен бюджеті, салық, кіші және орта кәсіпкерлікті қолдау, коммуналдық шаруашылық, көгалдандыру және халыққа қызмет көрсету жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кербұлак аудандық мәслихатының*

*сессия төрагасы*

*Ж. Жумажанов*

*Кербұлак аудандық мәслихатының*

*хатшысы*

*Б. Рысбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК